

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Әбдірәсіл Қырмызы Русланқызы

Бозшакөл мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы  
**ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА**

Мамандығы 5В073700-Пайдалы қазбаларды байыту

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**  
МЖПҚБ кафедра меңгерушісі  
техника ғылымдарының кандидаты  
\_\_\_\_\_ М.Б. Барменшинова  
қолы  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: «Бозшакөл мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы»

Мамандығы 5В073700 - Пайдалы қазбаларды байыту

Орындаған:

Әбдірәсіл Қырмызы Русланқызы

Ғылыми жетекші  
PhD доктор, сениор-лектор

\_\_\_\_\_ Мамбеталиева А. Р.  
қолы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сәтбаев университеті

Металлургия және өнеркәсіптік инженерия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B073700 - Пайдалы қазбаларды байыту

**БЕКІТЕМІН**

МжПҚБ кафедра меңгерушісі

техника ғылымдарының кандидаты

\_\_\_\_\_ М.Б. Барменшинова

*қолы*

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Әбдірәсіл Қырмызы Русланқызы

Тақырыбы: «Бозшакөл мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы»

Университет Ректорының «27» ақпан 2020 жылғы №762-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «05» маусым 2020 жыл

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері:

*Жобаланатын байыту фабрикасының өнімділігі – 5 000 000 т/ж.*

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

*а) Кіріспе. Кен орнының сипаттамасы. Жобаның технологиялық бөлімі;*

*б) Мыс құрамды шикізаттың флотациялық өңдеу технологиясы;*

*в) Су-шламды технологиялық сұлбаны есептеу;*

*г) Кен дайындау және флотация процестерінде қолданылатын негізгі және қосалқы құрал-жабдықтарды таңдау;*

Дипломдық жобада 17 кесте, 4 сурет бар.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 7 атаудан тұрады.

Дипломдық жобаны дайындау  
**КЕСТЕСІ**

<b>Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі</b>	<b>Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері</b>	<b>Ескерту</b>
Технологиялық сұлбаның дәйектемесі мен есептеуі		
Құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу		
Сызбаларды даярлау		
Түсіндірме жазбаны әрлеу		

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған  
**қолтаңбалары**

<b>Бөлімдер атауы</b>	<b>Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)</b>	<b>Қол қойылған күні</b>	<b>Қолы</b>
Өндірістік бөлімі	Мамбеталиева А.Р. PhD, сениор-лектор		
Норма бақылау	И.Ю. Мотовилов PhD, ассистент профессора		

Ғылыми жетекші: \_\_\_\_\_ Мамбеталиева А.Р.  
*қолы*

Тапсырманы орындауға алған білім алушы: \_\_\_\_\_ Әбдірәсіл Қ.Р.  
*қолы*

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020 ж.

## АҢДАТПА

Орындалған дипломдық жоба Бозшакөл кен орнындағы мыс құрамды кенді байытуға көзделген.

Дипломдық жобада байытуға негізделген барлық бөлімдер қарастырылған: кен дайындау процестері (ұсату, ұнтақтау), негізгі байыту процесі, сондай-ақ қосалқы процестер (елеу, классификация, сусыздандыру).

Жобаланған байыту фабрикасында үш сатылы ұсату сұлбасы қабылданған. Кенді байытуға флотациялық байытудың технологиялық сұлбасы қарастырылған. Оның құрамына негізгі, бақылау және екі тазалау флотациясы кіреді. Бозшакөл кен орнында мыс пен бірге молибден кенін қоса байыту едәуір экономикалық-экологиялық тиімді болып табылады.

Жобада қабылданған технологиялық сұлбаның есептеулері жүргізілген, сондай-ақ су-шламды сұлбаның есептеулері көрсетілген. Технологиялық сұлбаны іске асыру негізінде қолданылатын негізгі және қосалқы құрал-жабдықтар таңдалынып есептелінді. Сондай-ақ жобаға қарасты графикалық мәліметтер келтірілген.

## АННОТАЦИЯ

Данной проект обогатительного отделения Бозшакольской медно-обогатительной фабрики предназначен по переработке медносодержащей руды.

В дипломном проекте предусмотрены следующие разделы: процессы рудоподготовки (дробление, измельчение), процесс обогащения, а также вспомогательные процессы.

В процессе рудоподготовки принята технологическая схема переработки руды, включающая: двухстадиальное дробление руды, двухстадиальное измельчение. Обогащение руды осуществляется флотационным методом. Обогащение, включающим основную, контрольную и три перечистные операции.

Произведен расчет технологической, а также водно-шламовой схем. Для реализации технологической схемы переработки руды подобраны и рассчитаны основное и вспомогательное оборудование. В нужном объеме представлена графическая часть раздела проекта.

## ANNOTATION

This project of concentrating factory is intended for processing of copper-containing ore of Bozshakol Deposit.

The diploma project includes the following sections: ore preparation processes (crushing, grinding), enrichment processes, and auxiliary processes.

In the process of ore processing adopted technological scheme of ore processing, including two-stage crushing ore, two-stage grinding. Enrichment of ore is carried out by flotation method. Enrichment, including the main, control and three enumerative operations.

The calculation of the technological scheme, as well as water-slurry. To implement the technological scheme of ore processing, the main and auxiliary equipment are selected and calculated. The graphic part of the project section is presented in the required volume.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе	9
1 Жалпы түсіндірме жазба	10
1.1 Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы	10
1.2 Негізгі технологиялық және жобалық шешімдер	10
2 Бас жоспар және жерді қалпына келтіру	11
2.1 Бас жоспар	11
2.2 Ауданның және құрылыс алаңының қысқаша сипаттамасы	11
3 Технологиялық шешімдер. энергия ресурстарымен қамтамасыз ету	12
3.1 Технологиялық шешімдер	12
3.2 Фабриканың негізгі цехтарының жұмыс режимі және олардың өнімділігі	12
3.3 Шикізат сипаттамасы, шикізат базасы	13
3.4 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның жұмысын талдау	14
3.5 Технологиялық сұлбаларды таңдау және негіздеу	16
4 Технологияның режимдік параметрлері	19
4.1. Процесте қолданылған негізгі реагенттер сипаттамасы	19
4.2 Ұсату, ұнтақтау және флотация сандық сұлбасын есептеу	19
4.3 Су-шлам сұлбасын есептеу	22
4.4 Негізгі компоненттердің материалды балансын есептеу	27
5 Негізгі жабдықтар және технологиялық сұлбалар	30
5.1. Аппараттық сұлбаның сипаттамасы	30
5.2 Ұсату және ұнтақтау жабдығының ерекшелік тұстары	33
5.3 Флотомашиналардың сипаттамасы	35
6 Өндірістік процестерді басқару	37
6.1 Өндірістік процесті автоматты бақылау және реттеу	37
7 Негізгі қауіпсіздік ережелері	39
7.1 Технологиялық процестерді қауіпсіз жүргізу талаптары	39
8 Экологияны қорғау	43
8.1 Қоршаған ортаны зиянды қалдықтардан және ағын сулардан қорғау	43
Қорытынды	45
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	46



## КІРІСПЕ

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі бағыттарында табиғи ресурстарды, шикізат пен материалдарды толық және кешенді пайдалануды, қоршаған ортаға зиянды әсері болдырмайтын немесе айтарлықтай төмендететін құрамдастырылған өндірістерді дамыту белгіленіп отыр. Бұл міндеттерді шешуде металдарды кедей кендерден және фабрика қалдықтарынан алу әдістері маңызды орын алуда.

Мыс қазіргі кезде ел экономикасын көтеретін негізгі металдың бірі. Ол кез-келген тұрмыстық-техникада, ауыл шаруашылығы саласында, көлік жұмыстарында т.б. көптеген жерлерде қолданылады. Мыс-жылу мен электр тоғын үздік өткізушілер қатарындағы жылтырлығы бар пластикалық алтын қызғылт түсті металл.

Мыс салыстырмалы түрде белсенділігі аз металл қатарына жатады. Қалыпты жағдайда құрғақ ауада тотықпайды және галогендермен, селенмен, күміспен оңай әрекеттеседі. Тотығу қасиеті жоқ қышқылдармен, сутекпен, азотпен, көміртегімен химиялық реакцияға түспейді.

Мыс құрамды шикізаттың технологиялық ерекшеліктері оны өңдеу технологиясын таңдауды анықтайды:

– кеннен мыс және басқа металдарды алуды қиындататын сульфидті кендер мен металл оксидтері бар байланысқан ассоциацияларының болуы болып табылады;

– технологиялық схеманың басында барлық белгілі технологиялар ұсақ кен түйіршіктерінен концентрат бөлу мақсатында көбікті флотация байыту әдістерін пайдаланады;

Орындалған дипломдық жобада Бозшакөл мыс кенін өңдеуге қабылданған технологиялық өңдеу операциясы флотациялық байыту схемасы бойынша атқарылады. Жылдық өнімі 5млн тонна болатын жобаның бастапқы кендегі мыстың орташа үлесі 0,62 %, молибден – 0,0082 % құрайды. Флотациялық байытумен жұқа дисперсті мыс және молибден бөліп алу көзделген. Алынған флотациялық концентратта мыстың үлесі 40-55% құрайды. Жалпы мыс-молибден байыту өніміне бөлініп алу дәрежесі мыс бойынша 74,5%-ға молибден бойынша 65,0% жетті.

## **1 Жалпы түсіндірме жазба**

### **1.1 Кәсіпорынның қысқаша сипаттамасы**

Бозшакөл кен орнының негізгі бағалы компоненттері мыс, молибден және құрамында алтын мен күміс аз мөлшерде кездеседі.

Құрамында бағалы материалы бар кондициялық кеннің негізгі қоры қазіргі кезде 90 м тереңдікке дейін барланған «Бозшакөл» жер асты кен орны болып табылады.

Жобада флотациялық схема қабылданды.

Жобалау үшін бастапқы деректер:

- 1) жылдық өнімділік-5 млн тонна;
- 2) қоректендірудегі ең үлкен кесек диаметрі– 1000 мм;
- 3) номиналды ұсақтау ірілігі–10 мм;
- 4) кеннің ылғалдылығы–15-17%;
- 5) кен тығыздығы–2,5-2,7 т/м<sup>3</sup>;
- 6) кеннің үйінді тығыздығы-1,3 т/м<sup>3</sup>;

### **1.2 Негізгі технологиялық және жобалық шешімдер**

2005-2012 жылдар аралығында Бозшакөл кен орнының кендерін байыту технологиясын әзірлеу жұмыстарын Бейжің тау-кен ісі және металлургия жөніндегі Орталық ғылыми Институты, SGS Canada Inc, Ausenco Limited (Австралия) және ШҒЗТКМИ (Қазақстан) сияқты ұйымдар айналысты (Толығырақ Қосымша1). Фабриканың технологиялық схемасын институттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдау негізінде таңдалды.

Мыс-молибден коллективті концентрат алудың негізгі технологиялық процестері:

- 1) ұнтақтау цикліндегі флотациялық байыту;
- 2) флотация процесіндегі камералық өнімді байыту;
- 3) коллективті концентратты селективті флотациялық жолмен байыту;

Негізгі корпуста ұнтақтау, флотациялық байыту аппараттары орналасқан. Реагенттерді дайындау үшін бас корпустың арнайы алаңында орналасқан реагенттік бөлімше жобаланды. Қайта өңдеу қалдықтарын жинау көлемі 7031250 м<sup>3</sup> қалдық қоймасында жүзеге асырылады. Қалдық қоймасы пайдалану мерзімінен бастап 2059 жылға дейін есептелген. Қалдық құбырының ұзындығы 1,5 км-ді құрайды.

## **2 Бас жоспар және жерді қалпына келтіру**

### **2.1 Бас жоспар**

Бозшакөл тау кен байыту комбинаты Павлодар облысындағы Екібастұз ауданында Павлодар-Ақмола теміржол станциясынан солтүстікке қарай 14 шақырым жерде ашық типтегі, ірі көлемдегі мыс кен орны.

Бұл екі карьерден тұратын ашық кеніш, кен орнын игеру нөлден басталады. Жоба үшін қажетті энергетикалық, көліктік және басқа инфрақұрылымның жанында орналасқан. Кенішті байыту фабрикасы мен балшықтан кенді тазарту қондырғысы (каолин зауыты) қолданылады.

Бозшакөл кен орнындағы шахта мен байыту фабрикасының қызмет ету мерзімі 40 жылдан асады. Жоба іске қосылғаннан кейінгі алғашқы 10 жыл ішінде кен орнында күтілетін өндіру көлемі катодты баламадағы 100 мың тонна мыс құрайды. Қайта өңдеу кәсіпорындарының өнімділігі келесідей болады: байыту фабрикасы - жылына 25 млн тонна руда, балшықтан кен тазарту зауыты - жылына 5 млн тонна руда.

### **2.2 Ауданның және құрылыс алаңының қысқаша сипаттамасы**

Кеніш құрылысы 2010 жылы басталып 2014 жылы аяқталған. Мыс концентратын өндіру 2016 жылдың ақпанында басталды. Кеніштегі өндіріс көлемін есептік қуатқа дейін арттыру 2017 жылдың екінші жартысында аяқталады. Жоспар бойынша кенішті пайдалану мерзімі 40 жылдан астам деп болжанды. Құрылыстың жалпы алғандағы құны 2,15 млрд АҚШ долларын құрайды.

Тау-кендік жер телімі ауданның рельефі ұсақ отындық, абсолюттік белгілер ауданы: 7.9 км<sup>2</sup>. Жыраларының биіктігі 300-360 м аралығында ауытқиды. Ауданның климаты күрт-континентальдық, құрғақшыл, жылдық жауын-шашын мөлшері 200-300 мм. Орташа жылдық температура -5+5оС шегінде, қаңтарда – 42оС-тан, шілдеде +20оС-қа дейін тербеліс амплитудасы бар.

Кеннің пайдалы қазбалары 1,17 млрд. тонна рудамен бағаланады. Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған индустриялық саясат тұжырымдамасына сәйкес мыс өндіру өнеркәсібі тұтастан елдің экономикалық әл ауқатын, оның ішінде экспорттық мүмкіндіктерін айқындайтын басымдықтардың бірі ретінде танылады.

### 3 Технологиялық шешімдер. Энергия ресурс-тарымен қамтамасыз ету

#### 3.1 Технологиялық шешімдер

Жобаланған байыту фабрикасының технологиялық сұлбасы келесі негізгі технологиялық процестерді қамтиды:

- 1) кенді жеткізу және жинау;
- 2) кен дайындау процестері;
- 3) ұнтақтау және сұрыптау;
- 4) флотациялық байыту;
- 5) сусыздандыру және қойылдыру процестері;
- 6) қалдықты қалдық қоймасына жеткізу;

Келесі бөлімдер арқылы Бозшакөл байыту фабрикасының технологиялық шешімдерімен толықтай танысатын боласыздар. Сонымен қатар, қолданыстағы технологияның аталған кемшіліктерін, сондай-ақ технологияны жақсарту бойынша зерттеу жұмыстарынан алынған нәтижелері келесі технологиялық байыту сұлбасының мақсаттылығын куәландырады.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның жұмысын және зерттеу нәтижелерін ескере отырып, операцияларды қамтитын технологиялық схема ұсынылады.

#### 3.2 Фабриканың негізгі цехының жұмыс режимі және оның өнімділігін есептеу

Жобаланатын зауыт цехтарының жұмыс тәртібі ВНТП–27-83 өндіру фабрикасының технологиялық жобалау нормаларына сәйкес қабылданған. Негізгі корпусқа арналған жабдықтарды пайдалану коэффициенті  $K_b = 0,9$ ; ұсату цехы үшін  $K_b = 0,75$  етіп алынады.

Бас корпус пен ұсату цехының сағаттық өнімділігі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q_{\text{сағ}} = \frac{Q_r}{N \times m \times n \times K_b}, \quad (1)$$

- мұндағы  $Q_r$  – фабриканың жылдық өнімділігі, т/жыл;  
 $N$  – жылдағы жұмыс күндерінің саны;  
 $M$  – тәулігіне жұмыс ауысымдарының саны;  
 $n$  – ауысымда жұмыс сағаттарының саны;  
 $K_b$  – жабдықты пайдалану коэффициенті;

Ұсату бөлімінің сағаттық өнімділігі (1) формула бойынша есептеледі:

$$Q_{\text{сағ}} = \frac{5\,000\,000}{365 \times 3 \times 8 \times 0,95} = 600 \text{ т/сағ}$$

Бас корпусстың сағаттық өнімділігі:

$$Q_{\text{сағ}} = \frac{5\,000\,000}{365 \times 3 \times 8 \times 0,88} = 648 \text{ т/сағ}$$

### 3.3 Шикізат сипаттамасы, шикізат базасы

Бозшакөл кен орны кенінің байыту бойынша біріншілік сульфидті және баланстан тыс кендер және каолинизирленген (батпақты) кендер болып 3 топқа бөлінеді. Өз кезегінде ұсынылғандай анализ нәтижелері бойынша:

\* мыстың қышқылда еруі бойынша сульфидті каолинизирленген кендерде <20% салыстырмалы;

\* мыстың қышқылда еруі бойынша аралас кендер құрамында >20 % салыс. және <40%.;

\* мыстың қышқылда еруі бойынша құрамы тотыққан кендерде >40% салыс., олар жеңіл флотацияланатын (цианидта ерітілген мыс >30% салыс.) және қиын флотацияланатын (цианидта ерітілген мыс <30 % салыс.).

Орындалған дипломдық жобада Бозшакөл кен орнының каолинизирленген кендерін, оның ішінде сульфидті каолинизирленген, аралас және тотыққан жеңіл флотацияланатын кендерді флотациялық байыту әдісімен өңдеуді көздейді. Кендер бөлек те, қоспада да байытылуы мүмкін.

Бозшакөл кен орнының (оның ішінде Бозшакөл учаскесі) сульфидті каолинизирленген, аралас және тотыққан жеңіл флотацияланатын кендерінің орташа химиялық құрамы 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Бозшакөл кен орны кендерінің үш түрінің химиялық құрамы

Компонент	Құрамы, %		
	Каолинді сульфидті кендер	Аралас кендер	Тотықты жеңіл флотацияланатын кендер
Cu	0,65	0,68	0,41
Mo	0,0085	0,0079	0,0075
Au, г/т	0,17-0,75	0,22-0,39	0,32-0,58
Ag, г/т	0,8-4,0	1,2-4,6	1,8-4,9
Al	7,8-14,2	8,9-15,3	9,2-13,8
Sb	<0,005	<0,005	<0,005
As	<0,01	<0,01	<0,01
Bi	<0,001	<0,001	<0,001
Cd	<0,001	<0,001	<0,001
Ca	0,17-0,62	0,10-0,39	0,38-0,49
Co	0,0024-0,0053	0,0023-0,0043	0,0029-0,0037
Fe	4,72-7,74	1,80-4,77	2,61-4,29

## 1 Кестенің жалғасы

Компонент	Құрамы, %		
	Каолинді сульфидті кендер	Аралас кендер	Тотықты жеңіл флотацияланатын кендер
Pb	<0,01-0,04	<0,01-0,02	<0,01-0,03
Mg	0,87-2,43	0,48-2,69	0,74-1,15
Mn	0,014-0,081	0,004-0,028	0,014-0,051
Ni	0,0031-0,0069	0,0030-0,0051	<0,002-0,0041
Re	<0,0002	<0,0002	<0,0002
Se	<0,001	<0,001	<0,001
SiO <sub>2</sub>	54,8-58,9	55,2-59,8	53,4-57,9
S <sub>общ</sub>	0,81-2,90	1,50-2,39	0,39-0,69
Zn	0,011-0,069	0,004-0,037	0,012-0,063
Te	<0,008	<0,008	<0,008

Каолинизирленген сульфидті кендердің сынамаларында фазалық талдаумен мыстың 81,2-90,7% салыс. сульфидті формада анықталған, оның ішінде бастапқы сульфидтермен-15,5-79,1% - ға дейін салыс.

Аралас кен сынамаларындағы мыс біріншілік және екіншілік сульфид түрінде 14,3-48,5 және 30,3-60,4% салыс. тиісінше; оксидтер түрінде-21,2-29,5% - ға жетеді.

Тотыққан жеңіл флотацияланатын кендердің сынамаларында мыс 43,9-66,7% салыс. тотыққан формада, ал екіншілік сульфид түрінде 30,2-53,8% мыс табылған.

Минералогиялық талдау нәтижелері бойынша негізгі кен минералдары сульфидті каолинизделген кендердің сынамалары бойынша халькопирит және пирит болып табылады. Екінші дәрежелі және сирек минералдарға халькозин, ковеллин, магнетит, темір гидроқышқылдары, малахит, гематит жатады. Бос жыныстарға кварц, дала шпаты, хлорит, мусковит кіреді.

Аралас кендердің сынамасы бойынша кен минералдарына пирит, халькозин, лимонит, атакамит, азурит жатады. Аз мөлшерде магнетит және сфалерит кездеседі. Тау жыныстарының минералдары-серицит, биотит, хлорит, гидрослюд, плагиоклаз, кварц.

Тотыққан жеңіл флотацияланатын кендердің сынамасының негізгі кен минералдары атакамит, азурит, малахит, ковеллин, халькозин болып табылады. Олардың арасында кварц, далалық шпат, биотит, серицит бар.

### 3.4 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорынның жұмысын талдау

Технологияның тауарлық өнімдері: КМ-4 немесе КМ-5 маркалы мыс концентраты және КМФ-4 немесе КМФ-5 маркалы Молибден концентраты болып табылады.

СТ ДГП 00200928-006-2007 сәйкес құрғақ массаға қайта есептегенде мыс концентратының химиялық құрамы "Мыс концентраты. Техникалық шарттар" 2- кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс

Кесте 2- Мыс концентраты маркаларының химиялық құрамы

Маркаға арналған норма	Салмақтық үлесі, %		
	мыс (Cu), кем емес	қоспалар, артық емес	
		мырыш (Zn)	қорғасын (Pb)
КМ-0	40,0	2,0	2,0
КМ-1	35,0	2,0	2,5
КМ-2	30,0	3,0	4,0
КМ-3	25,0	5,0	4,5
КМ-4	23,0	6,0	4,5
КМ-5	20,0	7,0	4,5
КМ-6	18,0	8,0	4,5
КМ-7	15,0	8,5	5,0
ППМ	12,0	11,0	8,0

Кептірілген мыс концентратындағы ылғалдың үлесі 7% – дан, құрғатылмаған жағдайда-13% - дан аспауы тиіс. Тараптардың келісімі бойынша ылғалдың массалық үлесін 14%-дан астам белгілеуге жол беріледі. Мыс концентратындағы мышьятің салмақтық үлесі 0,6% - дан аспауы тиіс.

Молибден концентратының сапасына қойылатын талаптар ГОСТ 212-76 "Молибден концентраты. Техникалық шарттар"-да көрсетілген. Осы өнімде абсолюттік құрғақ концентратты қайта есептегенде молибден мен қоспалардың құрамы 3-кестеде келтірілген.

Барлық маркадағы Молибден концентратындағы ылғал мен майдың жиынтық құрамы 8% – дан, оның ішінде май-4% - дан аспауы тиіс.

Коллективті мыс-молибден концентратындағы мыстың мөлшері өңделетін кеннің түріне байланысты 17-ден 33% - ға дейін ауытқуы мүмкін. Бозшакөл кен орнының үш типті кен қоспасын байыту кезінде алынған коллективті мыс-молибден концентратының химиялық құрамы (70:13:17 өлшеу қатынасында сульфидті каолинизирленген, аралас және жеңіл флотацияланатын тотыққан кендер) 4 - кестеде келтірілген

Алынған коллективті концентрат ары қарай мыс концентраты ретінде іске асырылуы мүмкін немесе бастапқы сульфидті кендерді қайта өңдеу жөніндегі фабриканың селективті молибден флотациясы бөліміне жеткізілуі мүмкін.

Кесте 3 – Молибден флотациялық концентрат маркалардың химиялық құрамы

Маркалар үшін норма	Салмақ үлесі, %					
	молибдена (Mo), кем емес	Қоспалар, артық емес				
		қос тотықты кремний (SiO <sub>2</sub> )	мышьяк (As)	қалайы (Sn)	фосфор (P)	мыс (Cu)
КМФ-В	56	4	0,03	0,01	0,02	0,7
КМФ-1	54	4	0,03	0,02	0,02	0,8
КМФ-2	52	4	0,03	0,02	0,02	0,4
КМФ-3	51	5	0,04	0,02	0,02	0,4
КМФ-4	50	5	0,04	0,03	0,02	1,2
КМФ-5	48	7	0,05	0,04	0,03	0,7
КМФ-6	47	9	0,06	0,05	0,05	1,0
КМФ-7	45	11	0,07	0,07	0,05	2,0
КМФ-8	35	-	-	-	-	-

Кесте 4 - Коллективті мыс-молибден концентратының химиялық құрамы

Компонент	Құрамы, %	Компонент	Құрамы, %
Cu	22,14	Fe	26,9
Mo	0,2548	Pb	<0,01
Au, г/т	5,30	Mg	0,17
Ag, г/т	38,8	Mn	0,043
Al	1,6	Ni	0,013
Sb	<0,005	Re	<0,0002
As	0,010	Se	<0,001
Bi	0,006	SiO <sub>2</sub>	5,80
Cd	0,0014	С <sub>общ</sub>	31,1
Ca	0,12	Zn	0,16
Co	0,015	Te	<0,008

### 3.5 Технологиялық сұлбаларды таңдау және негіздеу

Бозшакөл кен орнының каолинизацияланған кендерін өңдеу үшін 1-суретте келтірілген технологиялық схема ұсынылады. Схема мынадай технологиялық операцияларды қамтиды:

- екі сатылы кенді ұсақтау;
- екі сатылы ұнтақтау және кенді классификациялау;
- негізгі құм және шлам флотациясы;
- гидроциклондардағы негізгі құм және шлам флотациясының біріккен концентратын құмды ұсақтай отырып классификациялау;




- негізгі құм және шлам флотациясының ұсақталған концентратын бірінші тазалау. Бірінші тазалау концентраты дайын өнім болып табылады және процестен шығарылады;
- бірінші тазалау қалдықтары бақылау флотацияға жіберіледі, оның қалдықтары үйінді қалдықтармен біріктіріледі;
- бақылау флотация концентраты екі рет тазартылады екінші және үшінші тазалауда;
- мыс-молибден концентратын қоюландыру және сүзу;
- негізгі құм және шлам флотацияларының біріккен қалдықтарын және бақылау қалдықтарын қоюландыру және оларды қалдық сақтау қоймасына орналастыру.

Таңдалған технологиялық типке байланысты кенді өңдеу көрсеткіштері 5 - кестеде келтірілген.

Кеннің қоспалық құрамын қайта өңдеу кезінде орташа көрсеткіштердің есебі қолданылуы мүмкін, бұл кезде кеннің әртүрлі түрлері алынған арақатынас, сондай-ақ әрбір нақты кен үшін концентратқа металдардың құрамы мен бөліп алу дәрежесі ескеріледі.

Кесте 5- Технологиялық типке байланысты кенді өңдеу көрсеткіштері

Өнімдердің атауы	Шығым %	Құрамы, %		Бөліп алу дәрежесі, %	
		Сu	Мо	Сu	Мо
<i>Сульфидті каолинді кен</i>					
Сu-Мо концентраты	2,48	19,5	0,2217	74,5	65,0
Флотация қалдықтары	97,52	0,17	0,0030	25,5	35,0
Сульфидті каолинизирленген кен	100,0	0,65	0,0085	100,0	100,0
<i>Аралас кен</i>					
Сu-Мо концентраты	1,88	22,0	0,2241	60,9	53,0
Флотация қалдықтары	98,12	0,27	0,0038	39,1	47,0
Аралас кен	100,00	0,68	0,0079	100,0	100,0
<i>Тотыққан жеңіл флотацияланатын кен</i>					
Сu-Мо концентраты	0,60	33,0	0,4887	48,7	39,1
Флотация қалдықтары	99,40	0,21	0,0046	51,3	60,9
Тотыққан жеңіл флотацияланатын кен	100,00	0,41	0,0075	100,0	100,0



1 сурет- Бозшакөл кен орнының каолинизирленген кендері байытудың принципті технологиялық схемасы

## 4 Технологияның режимдік параметрлері

### 4.1. Процесте қолданылған негізгі реагенттер сипаттамасы

Өндірісте қажетті реагенттер б-кестеде келтірілген.

Кесте 6 - Технологиялық реагенттердің сипаттамасы

№ п/п	Реагенттің аты	Негізгі компоненттің құрамы, %	ГОСТ, ОСТ, ТУ	Реагенттің үлесті шығыны, г/т кенге	Реагенттің жылдық шығыны, т
1	СаО	80	9179-77	300	1500
2	Натрий гидросульфиді	70	ISO	910	4550
3	Калий амил ксантогенаты РАХ	98	ISO	800	4000
4	Көбіктендіргіш МІВС (метилизобутилкарбинол)	100	ISO	140	700
5	Флокулянт	100	ISO	150,6	753
6	Модификатор Суquest 4000	100	ISO	200	1000

Калий амил ксантогенаты-сусымалы ұнтақ немесе сарғыш не ашық сұр түсті түйіршіктер. Калий амил ксантогенаты салмағы 120 кг темір бөшкелерде немесе 850-900 кг ағаш жәшіктерде жеткізіледі. Қышқылдардан, тотықтандырғыштардан алшақ, сондай-ақ мүмкін болатын тұтану көздерінен алшақ сақтау керек.

Метилизобутилкарбинол темір бөшкелерде тасымалданады. Ерітіндіні дайындау кезінде эмульгирлеу қажет.

Натрий гидросульфиді-мөлдір, сары түстен қара қоңыр түске дейінгі гигроскопиялық кристал. Натрий гидросульфидін жабық құрғақ қойма үй-жайларында сақтайды, салмағы 25 кг полипропиленді қаптарға орайды.

Флокулянттар ұнтақтар, эмульсиялар, түйіршіктер, сұйықтықтар түрінде сатылуы мүмкін. Суquest 4000 модификаторы саз кендері үшін қолданылады, концентраттардағы сазды материалдың құрамын төмендетуге қабілетті. Су құрамы мен рН өзгерісіне төзімді. Сұйықтық түрінде жүзеге асырылады.

### 4.2 Ұсату, ұнтақтау және флотация сандық сұлбасын есептеу

Негізгі технологиялық операциялардың режимдік параметрлері 7-кестеде келтірілген, операциялар бойынша реагенттердің шығысы – 8- кестеде.

Кесте 7 – Негізгі технологиялық операциялардың режимдік параметрлері

Параметр атауы	Бір. өлш.	Мәні
1	2	3
<i>Кенді бастапқы ұсату</i>		
1. Бастапқы кеннің ең үлкен кесегі	мм	1000
2. Кеннің ылғалдылығы	%	15-17
3. Кеннің үлесті салмағы	т/м <sup>3</sup>	2,5-2,7
4. Сағаттық ағын (жүктеу ~ 92 % жалпы уақыт)	т/сағ	620
5. Ұсақталған кеннің ең үлкен кесегі	мм	200
<i>Екінші сатылы кенді ұсақтау</i>		
1. Бастапқы кеннің ең үлкен кесегі	мм	200
2. Ұсақталған кеннің ең үлкен кесегі	мм	170
<i>Кенді жартылай ұнтақтау</i>		
1. Диірменді қоректендірудегі ең үлкен кен кесегі	мм	170
2. Сағаттық ағыны (жүктеу ~92 % жалпы уақыт)	т/сағ	620
3. Шарлы жүктеу	% об.	15
4. Пульпадағы қатты заттың құрамы	% сал.	30
5. Ұсақталған кенді сұрыптаушы классификатор: барабанды елек		
6. Ұсақталған кен сұрыпталатын класс	мм	10
7. Бастапқы қоректенуден шығатын жоғарғы класс	%	2
<i>Жартылай ұнтақтау диірменінің шығымын сұрыптау</i>		
1. Бастапқы (сұрыптаушы) гидроциклондардың диаметрі	мм	838
2. Бастапқы гидроциклондардың құмдарындағы қатты заттың құрамы	%	75
3. Бастапқы гидроциклондардың ағызындыларындағы қатты заттың құрамы	%	19
4. Бастапқы гидроциклондардың ағызындыларындағы кен ірілігі		P <sub>80</sub> =65 мкм
5. Бастапқы гидроциклондарға түсіру қысымы	кПа	40-60
6. Екіншілік (шламдамайтын) гидроциклондардың диаметрі	мм	500
7. Екіншілік гидроциклондардың құмдарындағы қатты заттың құрамы	%	65
8. Екіншілік гидроциклондардың ағызындыларындағы қатты заттың құрамы	%	15,5
9. Екіншілік гидроциклондардың ағызындыларындағы кен ірілігі		P <sub>80</sub> =27 мкм
10. Екіншілік гидроциклондарға түсіру қысымы	кПа	70-85
<i>Гидроциклондарда сұрыптаумен тұйық циклде жүргізілетін кенді ұсақтау процесі</i>		
1. Сағаттық ағыны	т/сағ	607,6
2. Бонд шарларын ұнтақтау индексі	кВт/т	10,6
3. Диірменнен шығарылатын қатты заттың құрамы	%	50
4. Шарлы жүктеу	% об.	35
5. Гидроциклонның құмындағы қатты заттың құрамы	%	65
6. Гидроциклонның ағызындысындағы қатты заттың құрамы	%	30
7. Гидроциклон ағызындысындағы кен ірілігі		P <sub>80</sub> =53 мкм
8. Гидроциклонға түсіру қысымы	кПа	70-75

7 Кестенің жалғасы

1	2	3
<i>Кондиционерлеу және негізгі құм флотациясы</i>		
1. Кондиционерлеу ұзақтығы	мин	3
2. Es (NaHS қосу арқылы реттеледі)	мВ	500
3. Негізгі құм флотациясының ұзақтығы	мин	20
4. Кеннің ірілігі		P <sub>80</sub> =53 мкм
<i>Кондиционерлеу және негізгі шлам флотациясы</i>		
1. Кондиционерлеу ұзақтығы	мин	3
2. Es (NaHS қосу арқылы реттеледі)	мВ	500
3. Негізгі шлам флотациясының ұзақтығы	мин	20
4. Кеннің ірілігі		P <sub>80</sub> =27 мкм
<i>Негізгі құм және шлам флотациясы концентраттарының гидроциклон құмдарын ұсақтай отырып жіктелуі</i>		
1. Гидроциклондарды толтыру -негізгі шлам флотациясының концентраты, негізгі құм флотациясының концентраты		
2. Гидроциклондарды толтыру барысындағы қаттының үлесі	%	23-24
3. Ағызындыдағы қаттының үлесі	%	18
4. Құмдағы қаттының үлесі	%	65
5. Ағызындыдағы ең ірі кен кесегі		P <sub>80</sub> =25 мкм
6. Гидроциклонға түсіру қысымы	кРа	85
7. Ашық циклді қайта ұнтақтау		
8. Диірмендегі қаттының үлесі	%	50
9. Диірмендегі ең ірі кесек		P <sub>80</sub> =53 мкм
<i>I тазалау</i>		
1. I тазалау операциясына – гидроциклон ағызындысы; ұнтақтаудан кейінгі концентраты жіберіледі		
2. Пульпаның кондиционерлеу ұзақтығы	мин	3
3. Флотация ұзақтығы	мин	2,5
4. Қаттының үлесі	%	22
<i>Бақылау флотациясы</i>		
1. Бақылау флотациясына- I,II тазалау операцияларының қалдықтары жіберіледі		
2. Флотация ұзақтығы	мин	10
<i>II тазалау</i>		
1. II тазалау операциясына – бақылау флотациясының концентратын, III тазалау операциясының қалдығы жіберіледі		
2. Флотация ұзақтығы	мин	10
<i>III тазалау</i>		
1. III тазалау операциясына – II тазалау операциясының концентраты		
2. Флотация ұзақтығы	мин	10
<i>Си-Мо концентратын қоюландыру және сузу</i>		
1. Қоюландырғыштағы қаттының үлесі	%	24
2. Қоюландырылған өнімдегі қатты құрамы	%	65
3. Концентраттың ылғалдылығы	%	10-15
<i>Біріккен байыту қалдықтарын қоюландыру</i>		
1. Қоюландырғышқа - негізгі құм және шлам флотациясының қалдықтары мен бақылау флотациясының қалдықтары		

## 7 Кестенің жалғасы

1	2	3
2. Қоюландырғыштағы қаттының үлесі	%	20-21
3. Қоюландырылған өнімдегі қатты құрамы	%	30-32

## Кесте 8 – Операциялар бойынша реагенттердің шығымы

Реагент беріле аймақтары	Реагент шығымы*, г/т кенге					
	CaO	MIBC	PAX	Suquest 4000	NaHS**	флок улянт
Кенді ұнтақтау циклде	300	-	-	40	-	-
Негізгі құм флотациясында	-	40	200	40	220	-
Негізгі шлам флотациясында	-	60	550	120	600	-
I тазалау операциясында	-	10	20	-	50	-
Бақылау флотациясында	-	10	10	-	20	-
II тазалау операциясында	-	10	10	-	10	-
III тазалау операциясында	-	10	10	-	10	-
Үйінді қалдықты қойылдырғышта	-	-	-	-	-	150
Mo-Cu концентратын қойылдырғышта	-	-	-	-	-	0,6
Барлығы:	300	140	800	200	910	150,6
* Реагенттердің шығыны кен түріне байланысты кең шектерде ауытқиды						
** NaHS немесе Na <sub>2</sub> S сульфидизаторын беру ~500 мВ тең болуы тиіс Es мәніне сүйене отырып жүзеге асырылады						

### 4.3 Су-шлам сұлбасын есептеу

Кесте 9 - Бозшакөл кен орнының каолинизирленген кендерін ұнтақтау процесінің су-шлам схемасы

Түседі							Шығады						
Өнімдердің атауы	Шығым, %	Q қатты масса, т/сағ	% қатты құрамы	Көлем, мз/сағ			Өнімдердің атауы	Шығым, %	Q қатты масса, т/сағ	% қатты	Көлем, мз/сағ		
				қатты	су	пульпа					қатты	су	пульпа
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
<b>Барабанды түсіру електері арқылы түсіретін кенді жартылай өздігінен ұнтақтау</b>													
Ұсатылған кен	102,00	620,00	85,0	229,63	109,41	339,04	Електің үстіңгі өнімі	2,00	12,40	82,0	4,59	2,72	7,31
Су					1311,04	1311,04	Електің астыңғы өнімі	100,00	607,60	30,0	225,04	1417,73	1642,77
Жиыны:	102,00	620,00		229,63	1420,45	1650,08	Жиыны:	102,00	620,00		229,63	1420,45	1650,08
<b>Барабан електерінің тор асты өнімінің I классификациясы</b>													
Електің үстіңгі өнімі	100,00	607,60	30,0	225,04	1417,73	1642,77	I гидроциклонның ағызындысы	51,02	310,00	19,0	114,82	1321,58	1436,40
Су					3,05	3,05	I гидроциклонның құмы	48,98	297,60	75,0	110,22	99,20	209,42
Жиыны:	100,00	607,60		225,04	1420,78	1645,82	Жиыны:	100,00	607,60		225,04	1420,78	1645,82
<b>I гидроциклонның ағызындысының II классификациясы</b>													
I гидроциклонның ағызындысы	51,02	310,00	19,0	114,82	1321,58	1436,40	II гидроциклонның ағызындысы (шлам флотациясын қоректендіруші)	40,00	243,04	15,5	90,02	1324,96	1414,98
Су					39,44	39,44	II гидроциклонның құмы	11,02	66,96	65,0	24,80	36,06	60,86
Жиыны:	51,02	310,00		114,82	1361,02	1475,84	Жиыны:	51,02	310,00		114,82	1361,02	1475,84

9 Кестенің жалғасы

Түседі							Шығады						
Өнімдердің атауы	Шығым, %	Q қатты масса, т/сағ	% қатты құрамы	Көлем, м3/сағ			Өнімдердің атауы	Шығым, %	Q қатты масса, т/сағ	% қатты	Көлем, м3/сағ		
				қатты	су	пульпа					қатты	су	пульпа
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
<b>Шарлы диірменінің гидроциклондарындағы классификация</b>													
Шарлы диірменге түсіру	198,92	1208,63	50,0	447,64	1208,63	1656,27	Гидроциклонның ағызындысы (құм флотациясын қоректендіруші)	60,00	364,56	30,0	135,02	850,64	985,66
I гидроциклонның құмы	48,98	297,60	75,0	110,22	99,20	209,42							
II гидроциклонның құмы	11,02	66,96	65,0	24,80	36,06	60,86	Шарлы диірменінің гидроциклонының құмы	198,92	1208,63	65,0	447,64	650,80	1098,44
Су					157,55	157,55							
Жиыны:	258,92	1573,19		582,66	1501,44	2084,10	Жиыны:	258,92	1573,19		582,66	1501,44	2084,10
<b>Шарлы диірменде ұнтақтау</b>													
Шарлы диірменінің гидроциклонының құмы	198,92	1208,63	65,0	447,64	650,80	1098,44	Шарлы диірменге түсіру	198,92	1208,63	50,0	447,64	1208,63	1656,27
Су					557,83	557,83							
Жиыны:	198,92	1208,63		447,64	1208,63	1656,27	Жиыны:	198,92	1208,63		447,64	1208,63	1656,27



Кесте 10 - Бозшакөл кен орнының каолинді кендерін флотация процесінің су-шлам схемасы

Түседі							Шығады						
Өнімдердің атауы	Шығым, %	Q қатты, т/сағ	% қатты	Көлем, мз/сағ			Өнімдердің атауы	Шығым, %	Q қатты, т/сағ	% қатты	Көлем, мз/сағ		
				қатты	су	пульпа					қатты	су	пульпа
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
<b>Негізгі шлам флотациясы</b>													
Шлам флотациясын қоректендіруші	40,00	243,04	15,50	90,02	1324,96	1414,98	Шлам флотациясы концентраты	4,31	26,19	18,00	9,70	119,31	129,01
Жаңа су					23,17	23,17	Шлам флотациясының қалдығы (қоюландыру)	35,69	216,85	15,00	80,32	1228,82	1309,14
Жиыны:	40,00	243,04	15,27	90,02	1348,13	1438,15	Жиыны:	40,00	243,04	15,27	90,02	1348,13	1438,15
<b>Негізгі құм флотациясы</b>													
құм флотациясын қоректендіруші	60,00	364,56	30,00	135,02	850,64	985,66	Құм флотациясы концентраты	13,21	80,26	29,00	29,73	196,50	226,23
Жаңа су					9,23	9,23	Құм флотациясының қалдығы (қоюландыру)	46,79	284,30	30,00	105,29	663,37	768,66
Жиыны:	60,00	364,56	29,77	135,02	859,87	994,89	Жиыны:	60,0	364,56	29,77	135,02	859,87	994,89
<b>Ұнтақтығын жеткізу циклі</b>													
Негізгі құм флотациясы концентраты	13,21	80,26	29,00	29,73	196,50	226,23	Ұнтақтығы жеткен концентрат (I тазалау операциясының қоректендіруші)	17,52	106,45	22,00	39,43	377,41	416,84
Негізгі шлам флотациясы концентраты	4,31	26,19	18,00	9,70	119,31	129,01							
Жаңа су					61,60	61,60							

10 Кестенің жалғасы

Жиыны:	17,52	106,45	22,00	39,43	377,41	416,84	Жиыны:	17,52	106,45	22,00	39,43	377,41	416,84
<b>I тазалау операциясы</b>													
Ұнтақтығы жеткен концентрат	17,52	106,45	22,00	39,43	377,41	416,84	I тазалау операциясының концентраты (I Су-Мо концентраты)	1,31	7,96	25,00	2,95	23,88	26,83
Жаңа су					2,07	2,07	I тазалау операциясының қалдығы	16,21	98,49	21,50	36,48	355,60	392,08
Жиыны:	17,52	106,45	21,91	39,43	379,48	418,91	Жиыны:	17,52	106,45	21,91	39,43	379,48	418,91
<b>Бақылау операциясы</b>													
I тазалау операциясының қалдығы	16,21	98,49	21,50	36,48	355,60	392,08	Бақылау операциясының концентраты	1,88	11,42	25,00	4,23	34,26	38,49
II тазалау операциясының қалдығы	1,28	7,78	16,30	2,88	39,95	42,83	Бақылау операциясының қалдығы	15,61	94,85	20,50	35,13	367,83	402,96
Жаңа су					6,54	6,54							
Жиыны:	17,49	106,27	20,90	39,36	402,09	441,45	Жиыны:	17,49	106,27	20,90	39,36	402,09	441,45
<b>II тазалау операциясы</b>													
Бақылау операциясының концентраты	1,88	11,42	25,00	4,23	34,26	38,49	II тазалау операциясының концентраты	1,18	7,17	25,00	2,66	21,51	24,17
III тазалау операциясының қалдығы	0,58	3,53	16,60	1,31	17,73	19,04	II тазалау операциясының қалдығы	1,28	7,78	16,30	2,88	39,95	42,83
Жаңа су					9,47	9,47							
Жиыны:	2,46	14,95	19,57	5,54	61,46	67,00	Жиыны:	2,46	14,95	19,57	5,54	61,46	67,00
<b>III тазалау операциясы</b>													

10 Кестенің жалғасы

II тазалау операциясының концентраты	1,18	7,17	25,00	2,66	21,51	24,17	III тазалау операциясының концентраты	0,60	3,64	25,00	1,35	10,92	12,27
Жаңа су					7,14	7,14	III тазалау операциясының қалдығы	0,58	3,53	16,60	1,31	17,73	19,04
Жиыны:	1,18	7,17	20,02	2,66	28,65	31,31	Жиыны:	1,18	7,17	20,02	2,66	28,65	31,31
<b>Cu-Mo концентратын қоюландыру және сүзу</b>													
I тазалау операциясының концентраты (I Cu-Mo концентраты)	1,31	7,96	25,00	2,95	23,88	26,83	Біріккен Cu-Mo концентраты	1,91	11,60	89,80	4,30	1,32	5,62
